ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің ректоры, п.ғ.д., профессор
_____ М.Н. Сарыбеков
«__» _____ 2026 ж.

SHERKHAN MURTAZA UNIVERSITY

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖЕ 4-2-8-2023

Қызметтік пайдалануға арналған басылым

Тараз 2026 ж

АЛҒЫ СӨЗ

1. **Әзірлегендер** — Ғылым және инновация басқармасының басшысы К.Қ.Шилібек
2. **Келісілді:** — Стратегия, ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Г.Б. Исабекова
   Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасының басшысы А.С. Букутова

3. Университет Ректорының 15.09.2026 жылғы № 02 өкімімен бекітілді және іске қосылды.

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Қолдану аясы	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Нормативтік құжаттар	4
5	Негізгі терминдер, қысқартулар және белгілер	5
6	Зияткерлік меншік объектілерін басқарудың мақсаты мен қағидаттары	5
7	Зияткерлік меншік объектілерін анықтау және есепке алу	5
8	Құқықтарды айқындау және құқық иеленушілер	6
9	Зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау	6
10	Зияткерлік меншік объектілерін пайдалану	6
11	Авторлар мен құқық иеленушілердің құқықтары	6
12	Құқықтарды беру, лицензиялау және коммерцияландыру	6
13	Құпия ақпарат және жариялау тәртібі	7
14	Құқықтарды қорғау және жауапкершілік	7
15	Құқықтарды қорғау және жауапкершілік	7
16	Қорытынды ережелер	7
17	Қосымшалар	7
18	Келісу парағы	11
19	Танысу парағы	12
20	Тарату парағы	13
21	Өзгерістер еңгізу парағы	14

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде (бұдан әрі – Университет) зияткерлік меншік объектілерін анықтау, есепке алу, құқықтық қорғау, пайдалану және оларға қатысты құқықтарды басқару тәртібін айқындайды.

1.2. Ереже Университеттің білім алушыларына, ғылыми-педагогикалық қызметкерлеріне, ғылыми қызметкерлеріне, қызметкерлеріне және Университет тапсырысы бойынша немесе оның ресурстарын пайдалана отырып зияткерлік қызмет нәтижесін жасаған өзге де тұлғаларға қолданылады.

1.3. Зияткерлік меншік объектілеріне авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілері, өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар белгілері және заңнамада көзделген өзге де объектілер жатады.

1.4. Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қолданылады.

2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

2.1. Ереже ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік, инновациялық, шығармашылық және өзге де қызмет барысында жасалған немесе Университетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне қатысты қатынастарға қолданылады.

2.2. Ереже зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге, қорғауға, пайдалануға, жариялауға, беруге, лицензиялауға және коммерциялық пайдалануға байланысты қызметті қамтиды.

3. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

3.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427 Қазақстан Республикасының Патент заңына, 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және зияткерлік меншік саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

3.2. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар осы Ережеде көзделген тәртіпте ескеріледі.

3.3. Нормативтік құқықтық актілер өзгерген жағдайда осы Ереже олардың қолданыстағы редакциясына сәйкес қолданылады.

4. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

4.1. Университеттің жарғысы, ішкі еңбек тәртібі қағидалары, ғылыми және инновациялық қызмет туралы ішкі құжаттар, қызметтік туындылар мен зерттеу нәтижелеріне қатысты шарттар, сондай-ақ Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттары басшылыққа алынады.

4.2. Нақты объектіге қатысты құқықтарды анықтау кезінде еңбек шарттары, азаматтық-құқықтық шарттар, гранттық келісімдер және өзге де құқықтық құжаттар ескеріледі.

5. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

5.1. Негізгі терминдер

Зияткерлік меншік – интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне және араландыру құралдарына қатысты заңмен қорғалатын құқықтар жиынтығы.

Зияткерлік меншік объектісі – заңнамаға сәйкес құқықтық қорғауға жататын интеллектуалдық қызмет нәтижесі немесе араландыру құралы.

Автор – туындыны шығармашылық еңбегімен жасаған жеке тұлға.

Құқық иеленуші – зияткерлік меншік объектісіне айрықша немесе өзге де мүліктік құқықтары бар тұлға.

Қызметтік туынды – қызметкердің еңбек міндеттерін орындауы барысында жасалған туынды.

Патент – өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге құқықтық қорғауды куәландыратын құжат.

Лицензиялық шарт – зияткерлік меншік объектісін белгілі бір шектерде пайдалануға құқық беру туралы шарт.

Коммерцияландыру – зияткерлік меншік объектісін практикалық және нарықтық мақсатта пайдалану арқылы экономикалық нәтиже алуға бағытталған қызмет.

5.2. Қысқартулар

Университет – Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті.

ЗМ – зияткерлік меншік.

ЗМО – зияткерлік меншік объектісі.

6. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

6.1. Негізгі мақсат – Университетте жасалатын зияткерлік меншік объектілерін құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қорғауды қамтамасыз ету, оларды тиімді пайдалануға жағдай жасау және Университет пен авторлардың заңды мүдделерін сақтау.

6.2. Негізгі қағидаттар: заңдылық, авторлықты тану, құқықтарды әділ айқындау, құпиялылықты сақтау, құқықтарды жауапты пайдалану, мүдделер теңгерімі және зияткерлік нәтижелерді тиімді енгізу.

6.3. Зияткерлік меншік объектілерін басқару олардың ерекшелігіне, құқықтық режиміне және жасалу жағдайларына қарай жүзеге асырылады.

7. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ

7.1. Университет қызметкерлері мен білім алушылары құқықтық қорғауға жатуы мүмкін зияткерлік қызмет нәтижесін жасаған жағдайда бұл туралы Университет белгілеген тәртіппен ақпарат ұсына алады.

7.2. Қажет болған жағдайда зияткерлік меншік объектілері құқықтық режимін анықтау, қорғау тәсілін таңдау және пайдалану мүмкіндігін бағалау үшін есепке алынады.

7.3. Есепке алу объектінің атауын, авторларын, жасалу негізін, құқық иеленушіні, қорғау нысанын және өзге де қажетті мәліметтерді қамтуы мүмкін.

8. ҚҰҚЫҚТАРДЫ АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИЕЛЕНУШІЛЕР

8.1. Зияткерлік меншік объектісіне құқықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шарттарына, азаматтық-құқықтық шарттарға және жобалық құжаттарға сәйкес айқындалады.

8.2. Қызметтік міндеттерді орындау шеңберінде жасалған объектілер бойынша құқықтардың Университетке немесе авторға тиесілілігі заңнамада және тиісті шарттарда белгіленген тәртіппен анықталады.

8.3. Бірлесіп жасалған объектілерге құқықтар авторлар мен Университет арасындағы келісімдерге және қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалады.

9. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

9.1. Құқықтық қорғау объектінің түріне қарай авторлық құқықты тану, патент алу, мемлекеттік тіркеу, тауар белгісін тіркеу, шарттық қорғау, құпиялылық режимі және заңнамада көзделген өзге де тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

9.2. Қажет болған жағдайда патенттік іздеу, құқықтық сараптау және өтінім дайындау жұмыстары жүргізіледі.

9.3. Қорғау құжатын алу немесе мемлекеттік тіркеу туралы шешім объектінің ерекшелігіне, құқықтық және практикалық маңыздылығына қарай қабылданады.

10. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

10.1. Зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқық иеленушінің құқықтарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

10.2. Университетке тиесілі немесе Университет құқықтары бар объектілер оқу процесінде, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, инновациялық қызметте, жарияланымдарда және заңнамада рұқсат етілген өзге де мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

10.3. Үшінші тұлғалардың объектілерін пайдалану кезінде қажетті рұқсаттар, лицензиялар немесе өзге де құқықтық негіздер қамтамасыз етіледі.

10.4. Зияткерлік меншік объектісін жариялау алдында оның құқықтық қорғауына нұқсан келтіруі мүмкін жағдайлар бағаланады.

11. АВТОРЛАР МЕН ҚҰҚЫҚ ИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

11.1. Авторлардың жеке мүліктік емес құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес танылады және қорғалады.

11.2. Құқық иеленушілер объектіні заңнамада және шарттарда белгіленген шектерде пайдалануға, пайдалануға рұқсат беруге немесе тыйым салуға құқылы.

11.3. Авторлар мен құқық иеленушілер объектіні құқықтық қорғау және пайдалану мәселелері бойынша Университеттен ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдау ала алады.

12. ҚҰҚЫҚТАРДЫ БЕРУ, ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

12.1. Зияткерлік меншік объектісіне құқықтарды беру, лицензиялау немесе өзге тұлғаларға пайдалану құқығын ұсыну заңнамада және шарттарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

12.2. Шарттарда объектінің сипаттамасы, берілетін құқықтардың көлемі, аумағы, мерзімі, сыйақы мөлшері немесе есеп айырысу тәртібі және тараптардың жауапкершілігі көрсетіледі.

12.3. Университетке тиесілі зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру туралы шешім экономикалық, құқықтық және практикалық тиімділік ескеріле отырып қабылданады.

13. ҚҰПИЯ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ ТӘРТІБІ

13.1. Құқықтық қорғауға жатуы мүмкін техникалық шешімдер, зерттеу нәтижелері, ноу-хау және өзге де мәліметтер қажетті жағдайда құпия ақпарат ретінде қорғалады.

13.2. Патенттік қорғау мүмкіндігі бағаланбаған өнертабыс немесе өзге де объект туралы ақпаратты жариялау құқықтық қорғауға әсер етуі мүмкін болғандықтан, жариялау алдында тиісті бағалау жүргізіледі.

13.3. Құпия ақпаратқа қол жеткізетін тұлғалар оның сақталуын қамтамасыз етуге және оны рұқсатсыз таратпауға міндетті.

14. ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

14.1. Зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда Университет заңнамада көзделген қорғау тәсілдерін қолданады.

14.2. Құқықтарды заңсыз пайдалану, рұқсатсыз тарату, авторлықты иемдену немесе өзге де бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған шарттарға сәйкес туындайды.

14.3. Даулар мүмкіндігінше келіссөздер арқылы реттеледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

15. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

15.1. Университет зияткерлік меншік объектілерінің құқықтық мәртебесі, қорғау құжаттары және пайдалану жағдайы туралы ақпаратты басқарушылық шешімдер қабылдау үшін жинақтай алады.

15.2. Ақпарат объектінің түріне және нақты жағдайға қарай жауапты құрылымдық бөлімшелерден немесе авторлардан сұратылуы мүмкін.

15.3. Осы Ереженің қосымшаларындағы нысандар барлық қызметкерлер мен білім алушылар үшін тұрақты есептілік ретінде міндетті болып табылмайды және тек тиісті жағдайларда қолданылады.

16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Осы Ереже Университет басшысының тиісті актісімен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

16.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

16.3. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешіледі.

17. ҚОСЫМШАЛАР

1 – қосымша
2 – қосымша
3 – қосымша

Қосымша 1

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІСІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

№	Объектінің атауы	
1	**Объектінің түрі**	
2	Автор(лар)	
3	Жасалу күні	
4	Жобаның/жұмыстың атауы	
5	Қысқаша сипаттамасы	
6	**Қолданылған** ресурстар (бар болса)	
7	**Ұсынылатын** қорғау нысаны	
8	Автордың қолы, күні	

Қосымша 2

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ КАРТОЧКАСЫ

№	Тіркеу нөмірі	
1	Объектінің атауы	
2	**Объектінің түрі**	
3	Автор(лар)	
4	Құқық иеленуші	
5	Жасалу негізі	
6	Құқықтық қорғау құжаты (бар болса)	
7	Құқықтық мәртебесі	
8	Пайдалану/коммерцияландыру жағдайы	
9	Ескертпе	

Қосымша 3

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ/БЕРУ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

(қажет болған жағдайда)

№	Объектінің атауы	
1	Құқық иеленуші	
2	Пайдаланушы/серіктес	
3	Берілетін құқықтың түрі	
4	Пайдалану мерзімі	
5	Аумақ	
6	Сыйақы/есеп айырысу тәртібі	
7	Шарттың негізі	
8	Қосымша ақпарат	

18. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Келісілді:			
Ғылым және инновация басқармасының басшысы	К.Қ. Шилібек		01.09.2026
Стратегия, ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры	Г.Б. Исабекова		01.09.2026
Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасының басшысы	А.С. Букутова		01.09.2026

19. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні

20. ТАРАТУ ПАРАҒЫ

р/н	Дана нөмірі	Берілген күні	Құрылымдық бөлім	Берілді (Аты-жөні, тегі, қолы)	Алды (Аты-жөні, тегі, қолы)
1	3	4	5	6	7

21. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ПАРАҒЫ

р/н	Бөлім №	Парақ №	Енгізу күні	Негіздеме	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4	5	6	7